

Жуынтаева З.Н., Тұрсынова М.А.
Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды университеті
қазақ тіл білімі кафедрасының қауымдастырылған проф., ф.ғ.к.

КӨНЕ ТҮРКІ ЕСКЕРТКІШІНІҢ ЛЕКСИКАЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ ЖӘНЕ ҚАЗАҚ ӘДЕБИ ТІЛІ

Тіліміздің тарихын зерделеуде көне түркі жазба ескерткіштерінің маңызы зор. Халқымыздың тарихы, мәдениеті, әдебиеті де осы жазбалар тілінен бастау алады. Оған ғалым С.Исаевтың мына пікірі дәлел бола алады: «Халық болып қалыптасқан кезеңдерге дейін болған жазба тіл сол халықтың әдеби тілі тарихының басы болмаса да, сол әдеби тілді қалыптастыру қызметі жағынан оның тарихи негіздері болып, бір арнасы ретінде ол тілдік нұсқалар әдеби тіл тарихынан өз орнын алуға тиісті. Міне, осы тұрғыдан қарағанда, көне түркі әдеби тілі (Орхон-Енисей-Талас жазба ескерткіштері болсын, қараханид тұсындағы жазба мұралар болсын, Алтын Орда, Шағатай хандықтары мен ұлыстарында жазылған мұралар мен қыпшақ жазбалары болсын және олардың тілі әдеби тіл екені осы күнде ешбір дау туғызбайды) қазақ әдеби тілінің жеке нормаларын қалыптастырып, жеке тілдік жүйелеріне негіз болғанын, сөйтіп, қазақ әдеби тілінің тарихи негіздерін, қалыптасуындағы арналары екенін көрсету қазақ әдеби тілінің тарихына тікелей байланысты. Қазіргі кезде көне түркі жазба мұралары қазақ әдеби тілінің тарихынан белгілі орын алады дегенде, міне, осы ыңғайда, қазақ әдеби тілінің тарихи негіздері мен арналары ретінде түсінсек, оның ешбір оғаштығы жоқ» [1, 68]. Сондай-ақ «Орхон және Енисей жазбалары – әдеби тілдік дүниеліктер, өйткені бұлардың тілінде белгілі бір нормалар, дәстүрлі үрдістер бары – даусыз» деген Р.Сыздықованың көзқарасы да көне мұралар тілінің әдеби тілге қатысы бар екендігін байқатады [2, 47].

Көне түркі жазба ескерткішінде 8 дауысты, 16 дауыссыз дыбыс болғаны белгілі. Осы дыбыстар қазіргі тілімізде қолданылып жүр. Бұл көне түркі тілі мен қазіргі қазақ әдеби тілінің арасында сабақтастықтың бар екендігін дәлелдейді. Көне түркі тілінде үндестік заңының да сақталғандығы байқалады. Мәселен, қосымшалар соңғы буынмен үндесіп, не жуан, не жіңішке жалғанады: қапығқа – қақпаға, йолта – жолда, беглер – бектер, екінті – екінші, үлүгі – бөлегі. Ескерткіштерде ерін үндестігі де, қазіргі түркі тілдеріндегідей бірдей емес. Кей сөздерде ерін үндестігі сақталып, кей сөздерде басқы буындарда ерін дауыстысы болса, кейінгі буындарда езу дауыстылары кездеседі: букалы – бұқалы, айғучысы – кенесшісі, үлүгі – үлесі (бөлегі), күнтүз – күндіз, өтүнтүм – өтіндім, үчегү – үшеуі, олуруп – отыратын. Мұндай ерекшелікті қазіргі тілімізден де кездестіреміз.

Орхон-Енисей түркілерінің өздеріне сай бай лексикасы бар. Ол қалай болса, солай сөз жиынтықтарынан құрала салған емес, оның әлденеше замандар бойына жинақталып, қалыптасуының, толығып баюының өзіндік ерекше заңдары мен тәсілдері бар. Қай елдің де сөздік қоры біріне бірі қатысты сөздер жүйесінен құралады. Жүйесіз тіл болмайды. Ендеше, Орхон-Енисей ескерткіштері тілінің де белгілі бір лексикалық жүйесі болғанын аңғарамыз. Сондықтан Орхон-Енисей ескерткіштері тілінің сөздік құрамы қалыптасуы, дамуы сол түркі тайпаларының тарихымен тығыз байланысты [3, 46].

Көне түркі ескерткіштер тіліндегі жеке сөздердің көпшілігінің мағыналық және тұлғалық бітімі жағынан қазіргі бірқатар түркі тілдеріндегі, соның ішінде қазақ тіліндегі сөздермен бірдей түсетіндігі байқалады. Мысалы оларды былайша жіктеуге болады:

Адамдарға және туыстық қатынастарға байланысты сөздер: ата, қатун, қыз, іні, сіңлі, келін, йегін (жиен), оғул (ұл). *Оғлы та қаған болмыс ерінч. – Ұлы да қаған болды. Қағаным атачым өлті – Аудармасы: Қағаным атам қайтыс болды. Екі шад улайу іні-йігүнім, оғланым, беглерім, будуным көзі, қашы йаблақ болтачы тіп сақынтым – Аудармасы: Екі уәзір ілескен іні-жиенім, ұлдарым, бектерім, халқымның көзі, қасы жаман болар деп қайғырдым.*

Табиғат құбылыстарына қатысты атаулар: йер, тағ, қар, таш, йыл, күн, суб (су), құм сияқты сөздер кездеседі. *Қар – қар. Сүңүг батымы қарығ сөкіпен – Аудармасы: Сүңгі батым қарды аршыдым. Тағдақы інміс – Аудармасы: Таудан түсті. Йенчу үгүзүг кече – Аудармасы: Сырдария өзенін өте. Бөккі чөлліг іл – Аудармасы: Бөкілі шөл елі.*

Әлеуметтік қатынастарға байланысты сөздер: ел, іл, йурт, қан (хан), қаған, бек, бай, күң, чығай (кедей), төрү (төре, заң). *Теңріде болмыс іл етміс Білге қаған – Аудармасы: Тәңріде жаралған ел еткен Білге қаған. Чығай будуныг бай қылтым – Аудармасы: Жарлы (кедей) халықты бай қылдым. Бегі қачды – Аудармасы: бегі қашты.*

Әскери лексикаға жататын сөздер: сү (әскер), шерік (шеру), уруш, қылыч, сүңгі, оқ. Мысалы: *Айғушысы біле ерміс* – Аудармасы: *Кеңесшісі білгіш еді. Йеті ерен йағы болты* – Аудармасы: *Жеті ері бізге жау болды. Сүсі келті* – Аудармасы: *Әскері келді. Йағышысы бен ертім* – Аудармасы: *Қолбасшысы тағы мен едім.*

Шаруашылыққа, тұрмысқа қатысты сөздер: бедіз (өрнек), ағыл (ауыл), қапығ (қақпа), еб (үй). *Алтун, күмүш, ісігті, қутай бұңсыз анча бірүр табғач будун сабы сүчиг, ағысы йумчақ ерміс* – Аудармасы: *Алтын, күміс, өнімді, жібекті сонша шексіз беріп жатқан табғаш халқы сөзі тәтті, қазынасы асыл еді.*

Жан-жануарлар атаулар: адғыр, ат, інгек (сиыр), бөрі, қой, йылқы, йонт (жылқы), барс, бичін. Мысалы: *Інгек көлүкін Тоғлада оғуз-қопын келті* – Аудармасы: *Сиыр көлігімен көптеген оғыздар келді. Өзлек адғырын* – Аудармасы: *Өзінің айғырын. Анта кісре тақығу йылға* – Аудармасы: *Содан соң тауық жылда. Кійік ййіу олурур ертіміз* – Аудармасы: *Киік етін қоректеніп отырушы едік.*

Анатомиялық атаулар. Будун *адақ қамаштды* – Аудармасы: *Түрк халқының аяғы әбден шаршады. Ыдуқ башда сүңүсдіміз* – Аудармасы: *Қасиетті баста соғыстық. Тізлігіг сүкүртүм* – Аудармасы: *Тізеліні бүктірдім.*

Заттардың сынын көрсететін сөздер ескерткіштер тілінде жиі кездеседі: ақ, қызыл, сары, йегрен (жирен), йашыл, көк, қара, улуғ, бедүк, (биік), йуйқа (жұқа), йінйічке, қалун (қалын). *Ілгерү Йашыл үғүз тегі сүледіміз* – Аудармасы: *Алға Жасыл өзенге дейін соғыстық. Күлі Чор өзлекі йегрен ат бінін тегді* – Аудармасы: *Күлі Чор өзінің жирен атын мініп тиісті. Қызыл қаны төкті* – Аудармасы: *Қызыл қанымды ағызды. Йуйқа ерікліг топлагалы учуз ерміс* – Аудармасы: *Жұқаны жинау – оңай. Йінчге йоган болсар үзгүлүк алп ерміс* – Аудармасы: *Жіңішке жуандаса үзетін алып болар.*

Есімдіктер: бен, мен, сен, сін, ол, біз, сіз, не, қаны, бу, кім. *Қағаным бен өзүм білге Тоникуқ* – Аудармасы: *Қағаным мен өзім білгі Тоникуқ. Біз йеме сүледіміз* – Аудармасы: *Біз тағы да соғыстық.*

Сан есімдер: бір, екі, үч, төрт, беш, алты, йеті, секіз, тоқуз, он, йігірмі, отуз, қырық, еліг, йуз, мың, биң, түмен. *Тоқуз оғуз беглері, будуны, бу сабымын едгүті есід, қатығды тыңда!* – Аудармасы: *Тоғыз оғыз бектері, халқы, бұ сөзімді жақсы есіт, қатты тыңда! Қырық артуқы йіті йолы сүлеміс, йегірімі сүңүс сүңүсміс* – Аудармасы: *Қырық жеті реттен артық аттанып, жиырма соғыс жасаған.*

Етістіктер: ет, олур (отыр), йат, йарат, көр, біл, тут, йағыл, сақын (ойлан), сығта. *Сүңүкін тағча йатды* – Аудармасы: *Сүйегің тауда й болып жатты. Сү йорытдым* – Аудармасы: *әскер жүргіздім. Төрт күн олурып бітідім* – Аудармасы: *Төрт күн отырып бітірдім. Оғуздантан көрүг келті* – Аудармасы: *Оғыздан елші келді. Атыг бінін тегді* – Аудармасы: *Атты мініп тиісті. Сүңүгін ачдымыз* – Аудармасы: *Сүңгімен аштық.*

Үстеулер: ілкі, кідін (кейін), күнтүз, таңүнтүрү (таң ата) т.б. *Ілгерү Қадырқан йашығ аша будуныг анча қонтурдымыз, анча ітдіміз* – Аудармасы: *Ілгері Қадырқан қойнауынан аса халықты осынша қондырдық, осында еттік. Кері барығма барды Білге қағаны будуны...* – Аудармасы: *Кері кетті Білге қағанның халқы. Будун анта бермезіңа тасылмыс* – Халық сонда жоғары көтерілді.

Шылау сөздер: *Қағанладуқ қағанын ычғыны ыдымыс түрк будун өңре күн тоғсығыңа кісре күн батсықыңа тегі беріе табғачқа йырайа йышқа тегі ...* – Аудармасы: *Қағанданған қанын әлсіретіп қуды. Түркі халқы алға, күн шығысқа, соң күн батысқа, солтүстікке дейін, табғашқа дейін, солтүстікте тоғайлыққа дейін қоныстанды. Тегдүкін үчүн* – Аудармасы: *тиіскені үшін. Беглері йеме, будуны йеме түз ерміс* – Бектері және халқы түзу емес еді.

Уақыт және мерзімді білдіретін сөздер. *Тоқузунч ай йеті отузқа йог ертүртіміз* – Аудармасы: *Тоғызыншы айдың жиырма жетісінде жерледік. Оғузғару йазын сү ташықдымыз* – Аудармасы: *Жазда әскермен оғызға қарсы шықтық. Күлтегін қой йылқа йіті йегірміке учды* – Аудармасы: *Күлтегін қой жылының он жетінші күні өлді. Түрк будун бірйе Чугай йыш түгүл түн йазы қонайын тісер* – Аудармасы: *Түркі халқы оң жақтағы Шығай тоғайы түгел түн жазығына қонайын десті.*

Абстрактты атаулар. *Бұңсыз анча бірүр* – Аудармасы: *Қайғысыз сонша берер. Табғач қағанқа көрміс, еліг йыл ісіг-күчиг берміс* – Аудармасы: *Табғаш қағанға бағынып, елу жыл күш-қуатымызды жұмсадық. Сабымын түкеті есітгіл* – Аудармасы: *Сөзімді түгел есіткіл.*

Ескерткіштегі сөздердің көпшілігі өзінің мағына жағынан да, тұлға жағынан да қазіргі қазақ тіліндегі сөздермен бірдей келеді. Ондай сөздердің қатарына мынадай сөздер жатады: аз, алқын – алқыну, алп – алып, алты – алты, аң – аң, ара – ара, арқа – арқа, артық – артық, бар – бар, бас – бас, бес – беш) – бес, бол – болу, біз – біз, бір – бір, екі – екі, қан – қан, кел – кел, киік – киік, көк – көк, күн – күн, қара – қара, қыз – қыз, не – не, ол – ол, оғыз – оғыз, тоқ – тоқ, темір – темір, сен – сен, өрт – өрт т.б.

Дыбысталуы жағынан өзгеше сөздер: адырылты – айырылды, анта – онда, аны – оны, анча – сонша, бен – мен, бод – бой, буң – мұң, екінті – екінші, еліг – елу, йағ – жау, йат – жат, күч – күш, олур – отыр, іл – ел, ығач – ағаш т.б. [4, 32].

Ескерткіштер тілінде де дыбысталуы бірдей, бірақ мағыналары әр басқа сөздер кездеседі. Омонимдер әр түрлі жолдармен жасалады, тарихи даму арқылы, мағынаның дамуы арқылы, дыбыстардың кездейсоқ үйлесуі, мағынаның алшақтауы арқылы т.б.

Қан – ел билеуші, адамның қаны. *Оғлы қаның білмес ерті* – Аудармасы: *Баласы әкесін білмес еді. Қызыл қаным төкті* – Аудармасы: *Қызыл қанымды төктім*.

Көне түркі тілінде дыбысталуы әртүрлі, бірақ мағыналары бір-біріне жақын синонимдер кездеседі. Мысалы: *Көп – үкүш. Аз будунығ үкүш қылтым* – Аудармасы: *Аз халықты көп қылдым. Сү сүлепен, төрт булуңдақы будунығ қоп алмыс, қоп баз қылмыс* – Аудармасы: *Әскер жүргізіп, төрт бұрыштағы халықты көп алған, бәрін бейбіт қылған*.

Ескерткіштерде мағынасы бір-біріне қарама-қарсы келетін антонимдер де кездеседі. Бірақ қарама-қарсы мағынада келетін сөздердің бәрі антоним бола бермейді. Антонимдердің төмендегідей түрлері ұшырасады.

Зат есімнен жасалған антонимдер: Бай – чығай, бай – жарлы. *Чығай будунығ бай қылтым* – Аудармасы: *Жарлы (кедей) халықты бай қылдым*.

Зерттеуші Ә.Құрышжанов пен М.Томанов орхон-енисей ескерткіштері тіліндегі қазіргі қазақ тілінен тұлғалық әрі мағыналық жағынан ұқсастығы айқын, ешқандай айырмашылығы жоқ сөздер деп 130 сөзді, ал қазіргі қазақ тілімен салыстырғанда кейбір фонетикалық ерекшелігі бар сөздер деп 397 сөзді, тұлғалық та, мағыналық жағынан ұқсастық таппайтын сөздер деп 311 сөзді тізіп көрсетеді [5,45-57].

Көне түркі ескерткіштері қазақ әдеби тілінің бастау көзі болмаса да, шығу арналары, қайнар көзі деп айтуға болады.

Әрине, қазақ әдеби тілі мен көне түркі әдеби тілінің арасында айырмашылық мол. Көне түркі тілі қазақ әдеби тілінің қалыптасу басы бола алмайды, қалыптасу арналарының бірі, тарихи негіздері ғана бола алады. Айырмашылықтың болуы да заңды, айырмашылықтың көбі тілдің лексикалық құрамына байланысты. Бірақ соған қарамастан көне түркі тілінің грамматикалық құрылысын, фонетикалық жүйесін, лексикалық құрамын талдап қарасақ, қазақ әдеби тілінің негізгі нормаларының көбі көне түркі тілімен сай келеді. Бұл ол нормалардың өте ертеде қалыптасқандығын, кейін қазақ әдеби тілі қалыптасқанда, оған негіз болғандығын көрсетеді.

Пайдаланылған әдебиеттер:

- 1 Исаев С. Қазақ әдеби тілінің тарихы. – Алматы: Мектеп, 1989. – 192 б.
- 2 Сыздықова Р. Қазақ әдеби тілінің тарихы. – Алматы: Ана тілі, 1993. – 320 б.
- 3 Айдаров Ғ. Күлтегін ескерткіші. – Алматы: Ана тілі, 1995. – 232 б.
- 4 Жуынтаева З.Н., Тұрсынова М.А. Көне түркі тілі. – Қарағанды: Санат, 2009. – 135 б.
- 5 Құрышжанов Ә., Томанов М. Орхон-Енисей ескерткішінің зерттелу тарихы мен грамматикалық очерктері. – Алматы. 1964. – 297 б.

Е.Е.Түйте

ф.ғ.к., қауымдастырылған профессор
Академик Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды университеті

ҚАЗАҚ ӘДЕБИ ТІЛІНІҢ ЗЕРТТЕЛУ ТАРИХЫНАН

Кез келген қоғамның қарым-қатынас тілінің жетілген формасы ол – әдеби тіл. Қазақ әдеби тілінің тарихын зерттеу мәселесі қазақ тілі білімінде кенже зерттелген саланың бірі болып саналады. Аталмыш саланың зерттелмеуінің өзіндік объективті түрлі себептері болды. Ең алғашқы зерттеу ретінде түрколог ғалым С.Маловтың «К истории казахского языка» атты мақаласын айтуға болады. Қазақ топырағында алғаш профессор Қ.Жұбанов Абайдың қайтыс болуына орай ақынның қазақ әдеби тілін дамытудағы орны мен рөлін ерекше атап, арнайы сөз қылды. Бұдан кейін қазақ әдебиеті тілін арнайы зерттеген ғалым, профессор С.Аманжолов еді. Оның «Қазақ әдеби тілі» атты кітабында әдеби тілдің қалыптасу мерзімі, жазба әдеби тілдің сөйлеу тілімен байланысы туралы мәселелер сөз